

**Тақырыбы: Оқу жылының қорытындысы және жазғы сауықтыру
жұмыстарының жоспары**

Өтетін жері: «Аяжан» балабақшасының әдіскер кабинеті

Қатысқандар:

Балабақша директоры: Д.Ирзабекова

Балабақша әдіскері: Д.Ирзабекова

Тәлімгер педагог: Н.Сайтғалиева

Медбике: К.Джарылқасымова

Тәрбиешілер: 4

Барлығы: 7

Күн тәртібінде:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысын шығару.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.
3. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жұмыстарының нәтижесі.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Д.Ирзабекова оқу жылы бойындағы жұмыстардың қорытындысына талдау жасап, жоспардың орындалуы, балалардың даму нәтижелері мен педагогтердің жетістіктері туралы баяндады.

Жарыс сөз

Тәрбиеші А.Таменова оқу жылының нәтижелі өткенін айтып, тәжірибе алмасудың маңызын атап өтті.

Тыңдалды

Екінші мәселе бойынша жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары таныстырылып, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын нығайтуға бағытталған іс-шаралар ұсынылды.

Жарыс сөз

Дене шынықтыру нұсқаушысы Оразов Талғат кимылды ойындар мен спорттық шараларды көбейтуді ұсынды.

Тыңдалды

Үшінші мәселе бойынша тәлімгер педагог А.Таменова педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы жұмыстардың нәтижесін баяндады.

Шешім

1. Оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жазғы сауықтыру жоспары бекітілсін.
3. Әдістемелік жұмыстар келесі оқу жылында жалғастырылсын.

Төрсайымы: Д.Ирзабекова

Хатшы: Г.Болатова



БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  **Ирзабекова.Д.**



2025–2026 оқу жылының қорытындылары

Әдіскер:Ирзабекова Д.

2025-2026жж

Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын көтеруге және заманауи білім беру талаптарын жүзеге асыруға бағытталған маңызды жүйе болып табылады. 2025–2026 оқу жылы барысында балабақшада әдістемелік жұмыстар жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізіліп, педагогтердің кәсіби дамуына, тәжірибе алмасуына және жаңа технологияларды меңгеруіне мүмкіндік жасалды.

Осыған байланысты оқу жылының қорытындысына арналған әдістемелік отырыс өткізіліп, жыл бойы атқарылған жұмыстарға талдау жасалды.

Әдістемелік жұмыстың жалпы бағыты

2025–2026 оқу жылы барысында әдістемелік жұмыс бірнеше негізгі бағыт бойынша ұйымдастырылды. Атап айтқанда:

- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру;
- заманауи педагогикалық технологияларды енгізу;
- инновациялық әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдану;
- тәрбие мен оқыту сапасын жетілдіру;
- ата-аналармен бірлескен жұмысты дамыту.

Жыл бойы педагогтерге арналған семинарлар, тренингтер, шеберлік сағаттары, ашық оқу қызметтері және дөңгелек үстелдер тұрақты түрде өткізілді. Бұл іс-шаралар педагогтердің шығармашылық белсенділігін арттырып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.

Педагогтердің кәсіби дамуы

Әдістемелік жұмыс аясында педагогтердің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Тәрбиешілер өздерінің кәсіби деңгейін жетілдіру мақсатында курстарға қатысып, жаңа педагогикалық технологияларды меңгерді.

Жыл ішінде педагогтер ойын технологияларын, STEM элементтерін, мнемотехника, дамытушы және зерттеу әдістерін оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдана білді. Бұл балалардың танымдық белсенділігін арттыруға және білім сапасын көтеруге ықпал етті.

Сонымен қатар, педагогтер өзара тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақтар өткізіп, бір-бірінің жұмыс тәжірибесін талқылады.

Оқу-тәрбие үдерісіндегі жетістіктер

2025–2026 оқу жылы барысында оқу-тәрбие үдерісінде бірқатар оң нәтижелерге қол жеткізілді. Балалардың танымдық, тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларының дамуы байқалды.

Ойын технологиялары арқылы балалардың оқу мотивациясы артты. Әр түрлі дидактикалық және сюжеттік-рөлдік ойындар балалардың ойлау қабілетін, сөйлеу тілін және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға оң әсер етті.

Балалар оқу қызметіне белсенді қатысып, өз ойларын еркін жеткізуге үйренді. Сонымен қатар топтық жұмыс дағдылары қалыптасты.

Инновациялық әдістердің қолданылуы

Жыл бойы оқу үдерісінде заманауи педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылды. Атап айтқанда:

- ойын арқылы оқыту технологиясы;
- дамытушы оқыту әдістері;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- зерттеу және тәжірибелік әдістер;
- шығармашылық тапсырмалар.

Бұл әдістер балалардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың өздігінен әрекет ету қабілетін дамытуға мүмкіндік берді.

Ата-аналармен жұмыс

Әдістемелік жұмыстың маңызды бөлігі – ата-аналармен өзара байланыс болды. Жыл бойы ата-аналар жиналыстары, кеңестер, тренингтер және бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ата-аналарға балалардың дамуы, тәрбиесі және оқу үдерісіне қатысуы туралы жүйелі ақпарат беріліп отырды. Сонымен қатар үй жағдайында баланы дамытуға арналған әдістемелік ұсыныстар таратылды.

Ата-аналардың белсенді қатысуы оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға оң әсерін тигізді.

Қиындықтар мен мәселелер

Жылдық талдау барысында кейбір қиындықтар да анықталды. Атап айтқанда:

- кейбір педагогтердің жаңа технологияларды толық меңгермеуі;
- құжат жүргізу жұмыстарының бірізділігінің жеткіліксіздігі;
- кейбір ата-аналардың белсенділігінің төмендігі.

Бұл мәселелер бойынша алдағы оқу жылына нақты міндеттер белгіленді.

Ұсыныстар мен алдағы міндеттер

2026–2027 оқу жылында әдістемелік жұмысты жетілдіру мақсатында келесі міндеттер қойылды:

- педагогтердің біліктілігін арттыру жұмыстарын жалғастыру;

- инновациялық технологияларды кеңінен енгізу;
- ашық сабақтар мен шеберлік сағаттарын көбейту;
- ата-аналармен жұмысты күшейту;
- жас педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету.

Қорытынды

Қорытындылай келе, 2025–2026 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыс жоспарға сәйкес орындалып, оң нәтижелер көрсетті. Педагогтердің кәсіби дамуы мен балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасалды.

Әдістемелік отырыс барысында атқарылған жұмыстар талданып, алдағы оқу жылына нақты бағыттар мен міндеттер айқындалды. Жұмыстарды жетілдіру және сапасын арттыру мақсатында жүйелі әдістемелік қолдау жалғасын табады.

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  **Ирзабекова.Д.**



Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары

Әдіскер:Ирзабекова Д.

2025-2026жж

**Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған
жұмыс жоспарының үлгісі**

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I кезең: Ұйымдастырушылық -ақпараттық		
Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау		
Педагогикалық кеңесте жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару (МДҰ бұйрығы): - жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; - жазғы кезеңге күн тәртібін бекіту; - жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Қызметкерлерге нұсқау өткізу: - балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; - балалар жарақатының алдын алу; - улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу; - жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; - күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету; - ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; - МДҰ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; - бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері және шектеулерді сақтау туралы; - спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары; - алғашқы жедел көмек көрсету.	Мамыр, маусым	Меңгеруші, әдіскер Медицина қызметкері (Келісімдері бойынша жергілікті санитариялық және төтенше жағдайларға қарсы қызмет бөлімдерінің мамандары шақырылады)
Балаларға нұсқау өткізу: - жаракаттанудың алдын алу;	Мамыр, маусым	Әдіскер, тәрбиешілер

- табиғатта серуендеу тәртібі туралы; - балабақша аумағында жүру ережесі.		
Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік, дидактикалық, әдеби, публистикалық ресурстар базасын жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, таныстыру мақсатында көрме ұйымдастыру.	Мамыр	Әдіскер
II кезең. Әкімшілік – басқару бақылауы		
Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары 1) ауланы дайындау: - құм әкелу; - жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу; - ойын алаңдарын дайындау; - жаздық шатырларды тазалау, әрлеу. 2) спорт алаңдарын дайындау: - құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, дене шынықтыру және т.б.); 3) бассейнді дайында (бар болған жағдайда) - қауіпсіздікті тексеру.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі
Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін, мерекелік және бұқаралық іс-шараларының ұйымдастырылуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер
Күн тәртібінің, тамақтанудың орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Назарға алынған бақылау: - перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); - күн тәртібін сақтау; - жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; - жаңа оқу жылына дайындық.	Маусым-тамыз	Меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері

Жедел бақылау: - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау; - тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы; - күн режимі; - белгіленген іс-шаралардың өткізілуі; - құжаттарды жүргізу; - алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы; - қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.	Маусым - тамыз	Менгеруші, әдіскер, медицина қызметкері
III кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру		
- жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету; - «шынықтыру шараларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқау беру немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу; - педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау; - серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру әдістерін көрсету; - балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек, кеңес беру, тренинг, семинар және т.б.); - топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен балаларды дамыту талаптарына сәйкестігін бақылап, жетілдіріп отыру.	Маусым-шілде	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, медицина қызметкері
Семинар: 1. «Жаздағы шынықтыру жүйесі». Семинар – практикум: 1. «Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес спорттық ойын түрлері және оларды ұйымдастыру талаптары, ерекшеліктері». 2. «Бейімделу кезеңін ұйымдастырудың әдістері мен нысандары». <i>Ескерту: тақырыптар мен жұмыс түрлері қажеттілігіне қарай өзгертіліп, толықтырылады.</i>	Жазғы сауықтыру кезеңі бойы	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның сайтында «Ата –аналарға арналған консультациялық пункт » бөлімінде 1. Ата-аналарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру - буклеттер; - жаднамалар;	Жаз бойы	Әдіскер, медицина қызметкері

- нұсқаулықтар; - инфографикалық ақпараттық парақшалар; кітапшалар; - электрондық ақпарат көздеріне сілтеме. 2. Санитарлық бюллетендер шығару: - «Ішек жұқпасы»; - «Кене энцефалиті»; - «Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау»; - «Көкөністер, жемістер. Дәрумендер».		
Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек көрсету, кеңес беру	Жаз бойы	Әдіскер
IV Балалармен жұмыс		
«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде: - психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру; - өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту; - денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру; - бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау (модель 34 т.); - балалардың пікірін, идеяларын ескеру (модель 36 т.); - бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгертуді ойын нысанында іске асу (модель 26 т.); - педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына кәңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құру (модель 24 т.); - әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту (модель 27 т.).	Жаз бойы	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы
V Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары		
Дағдыларды кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру	Жаз бойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
- таза ауадағы дене шынықтыру; - таңертеңгі жаттығу; - ұйқыдан ояту жаттығулары; - сергіту сәттері.	Жаз бойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу	Мамыр айының	Медициналық қызметкер

	соңында	
- Спорттық ойындар, жарыс сипатындағы ойындар; - Қимыл белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. - спорттық мерекелер мен ойын-сауықтар; - Мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізу(мүмкіндігінше таза ауада).	Жоспар бойынша	МДҰ менеджерісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, тәрбиешілер
Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу: - дозаланған күн ванналары; - суға шомылу, сумен шайыну, аяқты шаю; - массаж жолдарымен жаяу жүру, өзінемассаж жасау; - ауа ванналары; - терезені ашып қойып ұйықтау; - ауызды және тамақты шаю; - ауыз-су ішу режимі; - тыныс алу жаттығулары.	Күн сайын	Тәрбиешілер
Арнайы жаттығулар: - түзету жаттығулары; - майтабандылықтың алдын алу; - дене сымбатының бұзылуының алдын алу; - артикуляциялық жаттығулар; - тыныс алу жаттығулары; - ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.	Күн сайын	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
Балалармен әңгімелесу: - «Денсаулық сағаты».	Күн сайын	Медициналық қызметкер
Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Күн сайын	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Күн сайын	Медицина қызметкері, бас-аспаз
Ата-аналармен жұмыс		

- ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату мақсатында «жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру» тақырыбында сауалнама жүргізу; - ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу; - жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта); - іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту (модель 48-51 т.).	мамыр, маусым, шілде	Әдіскер, тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау		
Жазғы сауықтыру шараларының соңында балалармен кері байланыс әткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру шараларының соңында ата-аналармен кері байланыс әткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Балалардың денсаулығына мониторинг жүргізу	Тамыз	Тәрбиешілер, медицина қызметкері
Жазғы сауықтыру кезеңін педагогикалық кеңесте қорытындылау	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер

3-қосымша

**«Қош келдің, жарқын жаз!» бөбек жасындағы балаларға арналған жазғы сауықтыру кезеңіне
перспективалық жоспардың үлгісі**

№	Жұмыс мазмұны
1-апта (03.06-07.06) «Бақытты балалық шақ»	
1	Балаларды қорғау күні туралы әңгімелесу
2	Балаларға арналған әндерді тыңдау
3	Борлармен сурет салу
4	Педагогтің ертегілерді оқып беруі
5	Ауа-райы жағдайларын, өсімдіктерді, ағаштарды бақылау

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  Ирзабекова.Д.



Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жұмыстарының нәтижесі

Әдіскер: Ирзабекова Д.

2025-2026жж

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру – оқу-тәрбие үдерісінің сапасын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Заманауи білім беру талаптарына сәйкес педагог тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар жаңашыл, шығармашыл, ізденімпаз тұлға болуы қажет.

Осыған байланысты 2025–2026 оқу жылы барысында балабақшада педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілді. Әдістемелік отырыста атқарылған жұмыстарға талдау жасалып, олардың нәтижелері қорытындыланды.

Жұмыстардың ұйымдастырылуы

Оқу жылы барысында педагогтердің кәсіби дамуын арттыру мақсатында түрлі әдістемелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда:

- семинарлар мен тренингтер;
- шеберлік сағаттары;
- ашық оқу қызметтері;
- педагогикалық кеңестер;
- тәжірибе алмасу отырыстары;
- курстық қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстары.

Бұл іс-шаралар педагогтердің теориялық білімін жетілдіріп қана қоймай, практикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Инновациялық әдістерді меңгеру

Жыл бойы педагогтер заманауи білім беру технологияларын меңгеруге ерекше көңіл бөлді. Оқу-тәрбие үдерісінде келесі инновациялық әдістер кеңінен қолданылды:

- ойын технологиялары;
- дамытушы оқыту әдістері;
- STEM элементтері;
- мнемотехника;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- зерттеу және тәжірибелік әдістер.

Аталған әдістер балалардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу процесін қызықты әрі нәтижелі етуге ықпал етті.

Педагогтер жаңа технологияларды сабақ барысында тиімді қолдану арқылы балалардың қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасады.

Педагогтердің кәсіби өсуі

Әдістемелік жұмыстардың нәтижесінде педагогтердің кәсіби деңгейі айтарлықтай артты. Олар оқу-тәрбие үдерісін жоспарлауда жүйелілікке, мақсаттылыққа және нәтижеге бағытталуға үйренді.

Көптеген педагогтер ашық оқу қызметтерін өткізіп, өз тәжірибелерін әріптестерімен бөлісті. Бұл өзара тәжірибе алмасу кәсіби шеберлікті арттыруға үлкен әсер етті.

Сонымен қатар, педагогтер өз жұмысына рефлексия жасап, жетістіктері мен кемшіліктерін талдай алатын деңгейге жетті.

Ата-аналармен жұмыс құзыреттілігі

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің маңызды бөлігі – ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату болып табылады. Осы бағытта педагогтер ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізіп, кеңестер, жиналыстар және тренингтер ұйымдастырды.

Ата-аналарға балалардың даму ерекшеліктері, тәрбиелеу әдістері және үй жағдайында дамыту жолдары туралы әдістемелік көмек көрсетілді.

Бұл жұмыс педагог пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, тәрбиелік үдерістің сапасын арттырды.

Нәтижелер

Жыл бойғы жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде келесі жетістіктерге қол жеткізілді:

- педагогтердің әдістемелік деңгейі артты;
- заманауи технологияларды қолдану дағдылары қалыптасты;
- оқу-тәрбие үдерісінің сапасы жақсарды;
- балалардың танымдық және шығармашылық белсенділігі артты;
- педагогтер арасында тәжірибе алмасу жүйелі жолға қойылды.

Педагогтер кәсіби тұрғыда дамып, өз жұмысына шығармашылықпен қарай бастады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытында жүргізілген жұмыстар өз нәтижесін берді. Әдістемелік қолдау жүйелі түрде ұйымдастырылып, педагогтердің кәсіби дамуына оң әсер етті.

Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру, жаңа инновациялық әдістерді енгізу және педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыру жоспарлануда. Бұл өз кезегінде балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының сапасын көтеруге мүмкіндік береді.